

ISSN -2960-0049
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL



2(2) 2023

ISSN -2960-0049
ISSN-L: 2958-5376

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ

МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ И СПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЦЕНТРАЛЬНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ МУЗЕЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

MINISTRY OF CULTURE AND SPORT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
CENTRAL STATE MUSEUM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

MUSEUM.KZ

ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

«ҰЛЫ ДАЛА КЕҢІСТІГІНДЕГІ ШЫҢҒЫС ХАН ҰРПАҚТАРЫ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ»

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 22 желтоқсан 2022 ж.

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции
«ЭВОЛЮЦИЯ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ ЧИНГИЗИДОВ
НА ПРОСТОРАХ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»

Алматы, 22 декабря 2022 г.

MATERIALS

International scientific-practical conference
«EVOLUTION OF THE STATEHOOD OF CHINGIZIDS
IN THE EXPANSES OF THE GREAT STEPPE»

Almaty, December 22, 2022

№2 (2) 2023

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ: ДЕРЕК КӨЗДЕРДЕГІ ТЕРМИНОЛОГИЯ

Н.Ә. Атығаев

ҚР Мемлекеттік орталық музейі (Қазақстан)

Аңдатпа. Мақалада тарихи дерек көздерде Қазақ хандығына қатысты кездесетін терминология қарастылады.

Жұмыстың дерек көздері Шығыста жазылған мұсылман тарихи және тарихи-географиялық шығармалар мен орыс архивінде сақталған құжаттар материалдары.

XV ғасырдың екінші жартысында Еуразия даласында қалыптасқан қазақ халқының ұлттық мемлекеті Қазақ хандығына қатысты тарихи жазба дереккөздерде түрлі терминдер қолданылған. Мысалы, шығыс мұсылман дерек көздерінде ол «Қазақ ұлысы», «Қазақ ел-ұлысы» деп аталады. Ал орыс архивінде сақталған құжатамалық материалдарда Қазақ хандығы «Казакская (Казатцкая, Кайсацкая, Киргиз-казацкое, Киргис-кайсацкая, Казачья) ордасы» деген атау алады. Сонымен қатар оған қатысты «Бараков Царев Казацкий юрт» және «Урусов царев юрт» деген тіркестер қолданылғаны белгілі. Ал Еуропа деректерінде Қазақ хандығы «Cassack horde» («Қазақ Ордасы») деген атаумен белгілі. Сондай-ақ кейбір парсы тіліндегі деректерде Қазақ хандығына қатысты «дәулет» (мемлекет) термині қолданылса, кейбір орыс елшілік құжаттарының мәтіндерінде ол «государство» (мемлекет) аталған. XVIII ғасырдағы қазақ билеушілері Әбілқайыр хан мен Абылай ханның хаттарында («Алаш(ц)ские улусы») және «Алаш жұрты» («Алацкий йурт/владения») терминдер кездеседі. XVI ғасыр 30-шы жылдардан бастап жазба мұсылман дерек көздерінде қазақ жерлерін белгілеу үшін «Қазақстан» – «Қазақтар елі» термині қолданыла бастайды. «Қазақ хандығы» терминін алғаш рет қазақ зерттеушісі М. Тынышпаев қолданған. Шығыс жазба деректерінде қазақ хандығының билеушілеріне қатысты «хан» және «хакан» деген терминдер қолданылса, орыс деректерінде олар «царь» (патша) терминімен аталады. Қазақ билеушілеріне қатысты парсы тіліндегі жазбаша дерек көздерде «падишах» термині қолданылады.

Тарихи дерек көздерде қолданылған терминологияны зерттеу Қазақ хандығының XV-XVIII ғасырдың басында егеменді мемлекет болғанын және оны басқа мемлекеттер халықаралық-құқықтық тұрғыдан мойындағанын көрсетеді. Көрші мемлекеттер билеушілерінің қазақ хандарын дербес мемлекеттің билеушілері ретінде қарастырғаны және олардың жоғары мәртебесін мойындағаны тарихи деректерде анық байқалады.

Тірек сөздер: Қазақ хандығы, терминология, қазақтар, жазба деректер, Дешті Қыпшақ, хан.

Сілтеме жасау үшін: *Атығаев Н.Ә.* Қазақ хандығы: дерек көздердегі терминология // MUSEUM.KZ. 2023. № 2 (1). 85-96 бб. DOI 10.59103/muzkz.2023.02.08

КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО: ТЕРМИНОЛОГИЯ ИСТОЧНИКОВ

Н.А. Атығаев

Центральный Государственный музей РК (Казахстан)

Аннотация. В статье исследуется используемая в исторических источниках терминология относительно Казахского ханства.

Источниками работы являются написанные на Востоке мусульманские исторические и историко-географические труды, а также документальные материалы, хранящиеся в российских архивах.

Относительно образовавшегося в евразийских степях во второй половине XV века национального государства казахского народа – Казахского ханства, в исторических письменных источниках используются различные термины. Например, в восточных мусульманских трудах он именуется «Казахский улус», «Казахский ел-улус». А в сохранившихся в Российском архиве документальных материалах, Казахское ханство называется «Казакская (Казатская, Кайсацкая,

Киргиз-казацкое, Киргиз-кайсатская, Казацья) Орда». Кроме того, известно, что в отношении него использовались выражения «Бараков Царев Казацкий Юрт» и «Урусов Царев Юрт». А в европейских источниках Казахское ханство известно как «Казацкая орда» («Казахская орда»). Также в некоторых персоязычных источниках по отношению к Казахскому ханству термин употребляется «даулет» (государство), а в текстах некоторых русских посольских документов он назван «государство». Встречаются в письмах казахских правителей XVIII века Абилхайр-хана и Абылай-хана термины («Алаш(ц)ские улус») и «Алаш юрт» («Алацкий юрт/ владение»). С 30-х годов XVI века для обозначения казахских земель в письменных мусульманских источниках стал использоваться термин «Казахстан» – «Земля казахов». Термин «Казахское ханство» впервые использовал казахский исследователь М. Тынышпаев. В восточных источниках правители Казахского ханства именуются терминами «хан» и «хакан», а в российских архивах – термином «царь» (царь). В отношении казахских правителей в персидских письменных источниках используется персидский термин «падишах».

Изучение применяемой в исторических источниках терминологии подтверждает тезис, что Казахское ханство в XV – начале XVIII века было суверенным государством и выступало на международно-правовом поле как признанный другими государствами субъект. Исторические источники ясно указывают на то, что правители соседних государств рассматривали казахских ханов в качестве самостоятельных правителей государства и признавали их высокий статус.

Ключевые слова: Казахское ханство, терминология, казахи, письменные источники, Дашт-и Кыпчак, хан.

Для цитирования: *Атыгаев Н.А.* Казахское ханство: терминология источников // MUSEUM. KZ. 2023. № 2 (1). С. 85-96. DOI 10.59103/muzkz.2023.02.08

KAZAKH KHANATE: DEFINITION OF SOURCES

N.A. Atygayev

Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abstract. The article examines the terminology used in historical sources regarding the Kazakh Khanate.

The sources of the work are Muslim historical and historical-geographical works written in the East, as well as documentary materials stored in Russian archives.

Regarding the national state of the Kazakh people, the Kazakh Khanate, formed in the Eurasian steppes in the second half of the 15th century, various terms are used in historical written sources. For example, in Eastern Muslim works it is called «Kazakh ulus», «Kazakh el-ulus». And in the documentary materials preserved in the Russian archive, the Kazakh Khanate is called the «Cossack (Kazat, Kaisat, Kirghiz-Cossack, Kirghiz-Kaisat, Cossack) Horde». In addition, it is known that the expressions «Barakov Tsarev Cossack Yurt» and «Urusov Tsarev Yurt» were used in relation to him. And in European sources, the Kazakh Khanate is known as the «Cossack Horde» («Kazakh Horde»). Also, in some Persian-language sources, in relation to the Kazakh Khanate, the term «daulet» (state) is used, and in the texts of some Russian embassy documents it is called «state». The terms («Alash (ts) ulus») and «Alash yurt» («Alatsky yurt/ ownership») are found in the letters of the Kazakh rulers of the 18th century Abilkhair Khan and Abylay Khan. Since the 30s of the 16th century, the term «Kazakhstan» - «Land of the Kazakhs» began to be used to designate the Kazakh lands in written Muslim sources. The term «Kazakh Khanate» was first used by the Kazakh researcher M. Tynyshpaev. In eastern sources, the rulers of the Kazakh Khanate are referred to by the terms «khan» and «khakan», and in Russian archives - by the term «tsar» (king). In the relations of the Kazakh rulers in the Persian written sources, the Persian term «padishah» is used.

The study of the terminology used in historical sources confirms the thesis that the Kazakh Khanate in the 15th - early 18th centuries was a sovereign state and acted in the international legal field as a subject recognized by other states. Historical sources clearly indicate that the rulers of neighboring states considered the Kazakh khans as independent rulers of the state and recognized their high status.

Keywords: Kazakh Khanate, terminology, Kazakhs, written sources, Dasht-i Kypchak, khan.

For citation: *Atygayev N.A. Kazakh khanate: definition of sources // MUSEUM.KZ. 2023. № 2 (1), pp. 85-96. DOI 10.59103/muzkz.2023.02.08*

XV ғасырдың екінші жартысында Еуразия даласында түркілердің жаңа саяси бірлестігі пайда болды. Ол ғылыми әдебиетте «Қазақ хандығы» деген атау алды. Зерттеуші-ғалымдардың пікірінше, Қазақ хандығының құрылуы қазіргі Қазақстан аумағы мен оған іргелес жерлерде XIV-XV ғасырларда орын алған этносаяси және әлеуметтік-экономикалық үрдістердің салдары еді. Қазақтардың бұл мемлекеті Шыңғыс ханның тұңғышы Жошының ұрпақтары болып табылатын Керей хан (Гирей хан) мен Жәнібек ханның жігері мен саяси белсенділігінің арқасында, қазіргі Жетісу өлкесінің «Қозыбасы» деген жерінде құрылды [Мухаммед Хайдар Дулати, 1999: 108; Пищулина, 1977: 259, 262]. Белгілі шығыстанушы Т.И. Сұлтановтың анықтамасы бойынша, Қазақ хандығы «қазір өмір сүріп жатқан халық құрған Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет...» [Сұлтанов, 1995: 37].

Қазақ хандығының тарихы екі жүз жылдан астам уақыт зерттелуде және бұл бағытта ғалымдар үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Ерекше жемісті хандықтың саяси тарихы зерттелуде. Бұл әбден түсінікті, өйткені жазба деректерде ең көп көрініс тапқан саяси тарих оқиғалары еді. Бұған қарағанда қазақ хандығына қатысты терминология мәселесі ғалымдар тарапынан әлі де аз зерттелген тақырып болып тұр. Ал орта ғасыр тарихнамашылары пайдаланған терминология олардың қазақ мемлекетіне деген көзқарасын көрсететін шынайы дерек болып табылатыны анық.

Терминология, қазіргі ғылыми әдебиеттерге сәйкес, саналы икемдеуге және реттеуге оңай көнімді лексиканың ерекше секторын құрайтын, өндірістің, қызметтің, білімнің сапасындағы терминдердің жиынтығы [Реформатский, 2004: 116]. Бұл ретте «термин» сөзінің өзі келесі мағынада түсіндіріледі: «ерекше мағынасымен шектелген арнайы сөз; ұғымдардың және заттардың атауы ретінде нақты көрініс беретін, бірмағыналы болуға бейім сөз» [Реформатский, 2004: 115].

Қазақ хандығы туралы деректер сипаты мен жанры жағынан алуан түрлі дереккөздерде сақталған. Оларда Қазақ хандығына қатысты түрлі терминдер қолданылған.

Ең алдымен бүгінгі уақытта ғылыми әдебиеттерде қолданылатын «Қазақ хандығы» атауы ортағасырлық тарихи-географиялық еңбектерде кездеспейтінін атап өткен жөн. Керей хан мен Жәнібек хан құрған мемлекет мұсылман авторлары жазбаларында «Қазақ ұлысы», «Қазақ ел-ұлысы» деп те аталады. «Қазақ ұлысы» атауы Фазлаллах ибн Рузбихан Исфханидің еңбегінде алғаш рет кездеседі. Мысалы, қазақ билеушілері мен Шибан әулеті арасындағы текетіретің себептерін хабарлай отырып, ол былай деп жазады: «Ал қазақтардың ұлысында да сұлтандар хан билігіне дәмелі еді» [Фазлаллах ибн Рузбихан Исфхани, 1976: 96]. Хиуа тарихшылары Мунис пен Агахидің «Фирдаус әл-икбал» атты түркі тіліндегі еңбегінде XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы белгілі қазақ билеушісі Әбілқайырхан «Қазақ ұлысының» билеушісі (уәли) аталды [МИКХ, 1969: 468].

Тарихи еңбектерде бұл терминдер көп жағдайда хандардың, билеушілердің есімдерімен немесе этнонимдермен тіркесіп қолданылады. Мәселен, Сефеви әулеті тарихшысы Хайдар ибн Әли Хусейни Рази былай деп жазады: «Қасым ханның елі мен ұлысы миллионға жуық адамды құрады» [СМИЗО, 1941: 215, 274 (л. 115 а)]. Хан есімімен немесе этнонимімен бірге «ұлыс» сөзінің қолданылуы, бұл жағдайда мемлекет жайында айтылып тұрғанын көрсетеді, себебі бұл атау сол кезеңде кішігірім иеліктерге де қолданылған.

«Ұлыс» термині алғаш рет тарихи деректерде XIII ғ. кездеседі. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, ол бастапқыда «халық», «халық-иелік», «иелік құрайтын немесе иелікке біріккен халық көп» ұғымын білдірген [Владимирцов, 1934, 97]. Бұл терминнің моңғол дәуіріндегі мағынасына назар аударған Е.И. Кычанов «Ұлыс – бұл жай адамдар емес, ерекше түрде ұйымдастырылған халық»,– деп көрсетеді [Кычанов, 1980: 95]. Бірте-бірте бұл термин басқа да мағына беретін болды. XV-XVI ғасырларда «ұлыс» деген атау саяси бірлестіктерге де, мемлекеттерге де, шағын ру-тайпалық топтарға да қолданды

«Қазақ ұлысы» деген атаумен қатар Фазлаллах ибн Рузбихан Исфাহани қазақ хандығының аумағын белгілеу үшін парсы тіліндегі «билад-и қазақ» және «дияр-и қазақ» терминдерін де қолданады, оны «қазақ аймағы» деп аударуға болады [Ускенбай, 2012: 135-136]

Мұсылман авторларының тарихи еңбектерде қазақ хандарының иеліктерін белгілеу үшін негізінен XI ғ. бастап мұсылман әдебиетінде белгілі «Дешті-Қыпшақ» (кейде Дешті-Қыпшақ немесе жай Дешті түрінде) этногеографиялық термині және «Жошы ұлысы» термині қолданылады. Мысалы, «Дешті Қыпшақ» атауы XVI ғасыр басында өмір сүрген парсы тарихшысы және діни қайраткер Фазлаллах ибн Рузбихан Исфাহанидің «Михман-наме-йи Бухара» атты белгілі шығармасында көп пайдаланылған [Фазлаллах ибн Рузбихан Исфাহани, 1976: 99, 100, 101, 117]. Басқа ортағасырлық мұсылман авторлары да Қазақ хандығының аумағын Дешті Қыпшақ немесе Дешті деп атайды. Сефеви әулеті тарихшысы Қазі Ахмад Гаффари Казвини «Қасым хан... Дешті Қыпшақ патшасы болды» және «Хақназар хан... Дешті-а билеушісі» деп жазады [СМИЗО, 1941: 212, 271 (л. 158 а)]. Сефевид әулеті тарихнамасына жататын «Тарих-и Шах Тахмасб-бахадур-хан» еңбегінде «Дешті қазақ» – «Қазақ даласы» деген атау кездеседі [Тарих-и шах Тахмасб-бахадур-хан, л. 30].

Дереккөздерде көп жағдайда қазақ иеліктері «Жошы ұлысы» деп аталады. Ол басында Жошыға, содан кейін оның ұрпақтарына бағынатын бүкіл далалық аумаққа қатысты қолданылған термин. Мысалы, атақты «Тарих-и Рашиди» еңбегінің авторы Мырза Мұхаммед Хайдар Дуғлат: «Дешті Қыпшақ пен Жошы ұлысында Бұрындық хан болған», – деп жазған [Мухаммед Хайдар Дулати, 1999: 184].

Қазақ хандығы XV-XVIII ғасырдың басындағы орыс мұрағат материалдарында «Казакская (Казатцкая, Кайсацкая, Киргиз-казацкое, Киргис-кайсацкая, Казачья) ордасы» деп аталады [Памятники, 1895: 668; ПДРВ, 1791: 244; История Казахстана, 2005а: 196, 340, 395; История Казахстана, 2005б: 270, 271 бб.]. Бұл атау алғаш рет 1519 ж. шілдеде орыс елшісі Б.Я. Голохвастовтың Мәскеудің ұлы князі Василий Ивановичке жіберген хатында кездеседі. Бұл хатта Түркиядағы елші болып қызмет еткен Б.Я. Голохвастов өз билеушісіне ноғайлар «Қазақ Ордасынан» қысым көріп жатқанын жазған [Памятники, 1895: 668]. Ноғай Ордасы мен Мәскеу мемлекеті арасындағы дипломатиялық байланыстар туралы тағы бір құжатта (1535 ж.) кейбір ноғай мырзаларының «Қазақ Ордасынан сақтанып жүргені» айтылады [ПДРВ, 1791: 244].

Көне түркі ескерткіштерінен белгілі «Орда» термині ұзақ уақыт өзгеріске ұшыраған. Соңғы орта ғасырдағы мұсылман тарихшылары билеушінің орналасқан жерін «орда» деп атаған. Ханның бірнеше ордасы болуы мүмкін еді. Мысалы, ортағасырлық тарихшы Қадырғали-бек Қосымұлының «Жылнамалар жинағы» атты шығармада қазақ ханы Шығайдың үш басты ордасы (үш ұлық ордасы), оның ұлы Оңдан сұлтанның екі басты ордасы (екі ұлық ордасы) болғаны айтылады [Березин, 1854: 164-165]. Бас ордада ханның мүлкі мен әскерін басқаратын ханның басқару аппараты болды.

Ноғай құжаттарында Қазақ хандығына «Бараков Царев Казацкий юрт» және «Урусов царев юрт» деген тіркестер қолданылғанына А. Исин назар аударған [История Казахстана, 2005а: 456]. Мәселен, 1538 жылы ноғай билеушісі Қошмұхаммед (Көшім) мырзаның Мәскеу князі Иван Васильевичке жазған хатында «...на Баракове цареве на Казацком юрте...» деген хабарлама кездеседі [История Казахстана, 2005а: 81]. Сол жылғы Келмұхаммед мырзаның хатында Қазақ хандығы «Урусов царев юрт» деп аталған [История Казахстана, 2005а: 82]. Бұл сөздер ноғай мырзалары үшін Қазақ хандығы Орыс хан мен Барақ хан билік еткен мемлекеттің заңды жалғасы екенін көрсетеді.

Белгілі орыс шығыстанушысы В.Л. Егоровтың пікірінше, мұсылман деректерінен бөлек «Орда» термині орыс құжаттарында XV ғасырдан бастап «мемлекет» ұғымының синонимі болған [Егоров, 1985: 155].

Еуропа деректерінде Қазақ хандығына «Cassack horde» («Қазақ Ордасы») деген атау қолданылады. Мысалы, 1517 жылы поляк М. Меховский шығыс мемлекеттері – «татар ордалары» туралы жаза келе, бесінші «татар ордасы» – «қазақ» (Kazacka) деп аталатынын хабарлайды

[Меховский, 1936: 63, 144]. 1560-1604 жылдардағы Еуропа карталарында ел атауы ретінде Cassackia/Cossackia топонимі кездеседі [Туран, 2008: 171, 176, 181, 182].

Парсы тіліндегі жазба деректерде «Мамлакат-е қазақ» термині де кездеседі. Бұл терминді Қазақ хандығына қатысты Фазлаллах ибн Рузбихан Исфাহани да қолданады [Ускенбай, 2012: 135 б.]. «Мамлакат» араб-парсы сөзінен қазіргі қазақ тіліндегі «мемлекет» (мемлекет) сөзі шыққан. Сонымен бірге, XVI ғасырдың басында бұл термин тек мемлекетті ғана емес, сонымен бірге кішігірім иеліктерді де білдірген. Бұл Фазлаллах ибн Рузбихан Исфাহанидің өз еңбегінде «мамлакат-е Сығанақ» туралы жазғанынан анық көрінеді, автор «мамлакат» терминін Сабрам, Қарши және басқа қалалар мен иеліктерге қатысты да қолданған [Фазлаллах ибн Рузбихан Исфাহани, 1976: 116, 142, 162 және т.б. бб.].

Сондай-ақ кейбір парсы тіліндегі деректерде Қазақ хандығына қатысты «дәулет» термині де қолданылады. دولت [дулат] сөзінің парсы тілінде бірнеше мағынасы бар: 1) мемлекет; 2) үкімет, 3) байлық; 4; үстемдік, билік, құдірет, 5) жақсылық, бақыт, сәттілік; 6) бақытқа жету [Рубинчик, 1985: 19, 682]. Мәселен, «Тарих-и Рашиди» шығармасында Мырза Мұхаммед Хайдар Дуғлат былай деп жазады: «Қазақ сұлтандарының мемлекетінің басталуы (ибтида-йи доулат-и салатин-и казак) 870 (1465-1466) жылдан» [Кляшторный, Султанов, 2009: 293].

«Дәулет» сөзінің орыс тіліне «мемлекет» сөзімен аударылуының дұрыстығын Мырза Мұхаммед Хайдар Дуғлаттың сол еңбегіндегі «дәулет» сөзі бар тағы бір үзіндінің өзбек шығыстанушыларының келесідей аударғаны дәлелдейді: «Шаһибек ханның (Мұхаммед Шейбани – авт.) жаулап алу дауылының толқындары моғол хандары мен олардың мемлекетін қиратты» [Мухаммед Хайдар Дулати, 1999: 297]. Сефевид тарихшысы Қазим Ахмад әл-Ғаффаридің «Нусах-и жахан-ара» еңбегінде Қасым-хан мен Хақназар-хан мемлекет билеушілері немесе, В.Г. Тизенгаузен аударғандай, Орда мемлекетінің билеушілері ретінде аталады [СМИЗО, 1941: 215, 274].

1501 жылы Иран мен Оңтүстік Кавказда Сефевид дәулеті құрған мемлекет тарихи деректерде «Доулет-е Сефевие» (Сефевидтер мемлекеті) немесе «Доулет-е Қызылбаш (Қызылбаштар мемлекеті) деп аталғанын атап өткен жөн. [Кляшторный, Султанов, 2009: 255]. Ал Осман империясына қатысты «Devlet-i («дәулет» терминінің түрікше айтылуы) Âliyye-i Osmâniyye» атауы қолданылған [Османская империя].

Мәскеу мемлекетінің кейбір елшілік құжаттарының мәтіндерінде Қазақ хандығына қатысты орыстың «государство» (мемлекет) терминін қолдану фактілері де кездеседі. Мәселен, 1595 жылы хатшы Василий Щелкалов Сефевид шахы Аббас I елшілерін қабылдағанда, былай деген екен: «... А государь наш великий сильный государь, многие *государства* приклонились к государю нашему и учинились под его царьскою рукою: Казацкая и Колмацкая Орда, иные многие государства» [История Казахстана, 2005а: 195]. Ал 1600 жылы орыс елшілері ағылшындарға мақтанышпен «... А внове прибыле государства учинились под [еликого] государя нашего царскою рукою: иверской Александр царь з братьею з грузинские цари, Казацкие и Колматцкие Орды Тевкель царь з братею и со всею Казацкою Ордою и Калматцкою», деген екен [История Казахстана, 2005а: 213]. Айта кету керек, Мәскеу елшілері еуропалық билеушілерге өз патшасының билігінің құдыретін, оған көршілес мемлекеттердің, соның ішінде Қазақ хандығының, бағынышты екенін көрсетуге талпынған. 1585 жылы орыс елшілері Швеция елшісі Клаус Окске «... и Казацкие Орды царевы Акназаровы дети и с Казацкою Ордою приехали служитьи ко государю же нашему», «...Казацкая Большая Орда, и та ныне в государя ж нашего воле учинилась», деген екен [История Казахстана, 2005а: 183].

Орыс атаманы В.Тюменец пен онбасы И. Петровтың Алтын хандар мемлекетіне жасаған сапары (1617) туралы Мәскеуге жасаған баяндамасында да Қазақ хандығы мемлекет ретінде айтылады. Орыс елшілері өз баяндамаларында: «...А говорят де про те государства, что то прямая Казачья Орда ...», деп жазған [История Казахстана, 2005а: 270]. Ал 1628 жылы жүзбасы И.Севергин тұтқынға түскен қалмақтардың сөзінен былай деп хабарлайды: «Только де, государь, Чокур тайша в дружбе и в [с]сылке с Казачьею Ордою. А с ыными де, государь, ни с которыми

государствы у Чокур таиши ссылки ни с кем нет» [История Казахстана, 2005а: 314].

XVIII ғасырдағы қазақ билеушілері Әбілқайыр хан мен Абылай ханның хаттарында («Алаш(ц)ские улусы») және «Алаш жұрты» («Алацкий йурт/владения») терминдер кездеседі [Эпистолярное, 2014: 96, 334; Краткий энциклопедический, 2014: 211]. Бұл терминдердің шығуы, біздің ойымызша, халық жадында «Алаша хан» деген атпен сақталған Хақназар ханмен байланысты (Толығырақ: [Атығаев, 2021: 7-18]).

XVI ғасыр 30-шы жылдардан бастап жазба мұсылман дерек көздерде қазақ жерлерін белгілеу үшін «Қазақстан» – «Қазақтар елі» термині қолданыла бастайды. Бұл термин алғаш рет тәжік тарихшысы Зайн ад-Дин Васифидің парсы тіліндегі «Бадаи әл-уақайи» еңбегінде кездеседі. Бұл шығармаға Шибан ұрпағы Убайдаллах хан мен Тоғлұқ-Темір ұрмағы Абд ар-Рашид ханның қазақтар жеріне – «Қазақстанға» – жорығы туралы баяндайтын «Қазақтарды жеңгені туралы реляция» кіргізілген. Бұл оқиғалар, зерттеушілердің пікірінше, 1537 жылдың жазында болған [МИКХ, 1969: 180].

Кейінірек «Қазақстан» термині Мұхаммед Талибтің «Матлаб ат-талибин», Қожа Әбу-л-Бака ибн Баха ад-Диннің «Жами әл-мақамат», Дуст Мухаммад ибн Науруз әл-Кишидің «Силсилат ас-садикин», Мукимидің «Зафар-наме» сияқты бірнеше мұсылман еңбектерінде кездеседі [Юдин, 2001: 53]. XVIII ғасырдағы Қытай құжаттарында да «Қазақстан» термині туралы айтылады [Восточная дипломатия, 2015: 280].

XIX-XX ғасырдың басындағы орыс зерттеушілері Қазақ хандығына қатысты «Қазақ одағы» терминді жиі қолданды.

«Қазақ хандығы» терминін алғаш рет қазақ зерттеушісі М. Тынышпаев қолданған. Оның «Қырғыз-қазақ халқының тарихына қатысты материалдар» атты еңбегінің бір тарауы «Қырғыз-қазақтардың шығу тегі және Қазақ хандығының құрылу тарихы» деп аталады [Тынышпаев, 1993: 67, 108]. Орта Азияның басқа ортағасырлық мемлекеттері «Хиуа хандығы», «Бұқара хандығы» деп аталуын, мемлекеттегі жоғарғы биліктің ханға тиесілі екендігін ескере отырып, қазіргі отандық ғалымдардың өз зерттеулерінде «Қазақ хандығы» терминін қолданғаны ешқандай талас тудырмауы керек. Бұл атауды кейде зерттеу әдебиеттерінде жазылатындай «Қазақ хандықтары» емес, XV-XVI ғғ. үшін «Қазақ хандығы» деп қолдануды да дұрыс деп санаймыз. Мұны кезінде К.А. Пищулина атап өткен еді [Пищулина, 1977: 263]. Бұл кезеңдегі ортағасырлық тарихи жазбаларда Қазақ хандығы бір билеушісі – үлкен ханы бар біртұтас мемлекет ретінде көрсетілген. Мәселен, Керей-хан, Қасым-хан, Тәуекел-хан, Тәуке-хан деректердің барлық топтарында бүкіл қазақ халқын басқарғанын анық байқаймыз.

Шығыс жазба деректерінде қазақ хандығының билеушілеріне қатысты «хан» және «хакан» деген терминдер қолданылатыны белгілі. Академик В.В. Бартольд атап өткендей, «... в Средней Азии в отдельных государствах, возникших после распада монгольской мировой империи, слово хан было собственно титулом государя» [Бартольд, 1968: 604].

Екінші терминге қатысты В.В. Бартольд былай деп жазды: «Хакан – арабское написание тюркского царского титула каган ... Этот титул носили уже государи древнейшего из народов, называвших себя «тюрк» ... позднее делалось различие кан (или хан) и каган (или хакан), и хакан стали понимать в значении «хан ханов» [Бартольд, 1968: 602]. Алайда XV-XVI ғасырлардағы тарихи жазбаларда «хан» мен «хақан» атауларын қолдануда ешқандай айырмашылық байқалмайды. Мәселен, «Шараф-наме-йи шахи» авторы Хафиз Таныш қазақ билеушілері Керей мен Жәнібекке қатысты «хан» және «хақан» терминдерін бірдей қолданады [Хафиз-и Таныш, 1983: 99]. Олар Махмуд ибн Уәлидің «Бахр әл-асрар» шығармасында «хан» деп те, «хақан» деп те жазылған [МИКХ, 1969: 352]. Көптеген жазба деректерде XVI ғасырдың соңы – XVI ғасырдың басындағы қазақтың жоғарғы билеушісі Бұрындық (Бұрындық) хан деп аталғанымен, Бұрындықтың қызы Михр Сұлтан-ханымның уақф құжатының мәтінінде ол «қадірлі хан және даңқты хақан» деп жазылған [Мукминова, 1966: 228].

Орыс мұрағат құжаттарында қазақ хандары (мысалы, Қасым, Хақназар, Тәуекел, Есім, т.б.)

«царь» (патша) терминімен аталады. Мысалы, XVI ғасырдағы патша мұрағатының тізімдемесінде мынадай жазба бар: «Ящик 38-й. А в нем книги и списки казатцкие при Касым царе ...» [Акты, 1836: 339; Описи, 1960: 23]. 1521 жылы Астраханьда төрт ай тұтқында болған З. Зудов Мәскеу князі Василий Ивановичке былай деп жазды: «А казатцкого царя Касыма сее зимы не стало» [История Казахстана, 2005а: 61]. 1535 жылы мамырда Ноғай Ордасының билеушісі Сеид Ахмад мырза Мәскеу князі Иван Васильевичке: «Казатцкой царь Хозя Махмет царь с пятьюнаццатью сыньми у нас живет...», – деп хабарлаған [ПДРВ, 1791: 251]. XVI ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ханы Хақназар Мәскеу мемлекетінің дипломатиялық қарым-қатынастарының мұрағат құжаттарында «Казатцкие Орды Окназар (Акназар) царь», «Акназар царь» деп аталады [История Казахстана, 2005а: 167, 170, 174, 175; 30, 597 б.]. 1595 жылы орыс патшасы Федор Иванович Қазақ хандығының билеушісі Тәуекел ханға жазған хатында оны «Казатцкие Орды Тевкель царь», деп атайды [История Казахстана, 2005а: 201]. Уфа воеводасы О. Прончищевтің (1620) мәлімдемесінде: «...Казачьи орды от Ишимя царя...», делінген [История Казахстана, 2005а: 275].

Зерттеушілер атап өткендей, «царь» атағы еуропалық иерархияда «император» атағымен бір деңгейде болды [Московские цари, 1901: 271-273]. В.И. Даль мен С.Ожеговтің орыс тілінің түсіндірме сөздіктерінде бұл терминге мынадай анықтама берілген: «государь, монарх, верховный правитель земли, народа или государства», «Единовластный государь, монарх, а также официальный титул монарха; лицо, носящее этот титул ...» [Словари].

XX ғасырдың басындағы белгілі тарихшы, Қазан хандығы тарихының ірі маманы М. Худяков түркі-моңғол «хан» титулын орыс құжаттарына оның иегерін рим және византия цезарлары – императорларымен теңестіріп, құрметпен «царь» деп аударылғанын жазған [Худяков, 1991: 176]. Орыс билеушілерінің өздері жүйелі түрде өздерін «царь» деп тек 1547 жылдан бастап атай бастағанын атап өту керек. Бұл титулды олардың ішінде бірінші болып қабылдаған атақты орыс билеушісі Иван IV Грозный еді. Ол өзін «царь» деп атап, қол астындағы халыққа өзінің тәуелсіз билеуші екенін көрсетті [Зуборева, 2010: 80].

1523 жылдың жазында Қырым билеушісі Саадет-Гирей-хан Мәскеудің ұлы князі Василий III Ивановичке былай деп жазды: «И как салтан Сюлеман шаг – таков у меня брат есть. Также и асстороканской Усеин царь то мне брат же. А и в Казани Саип Гирей царь и то мне родной брат. И с ыную сторону казатцкой царь то мне брат же ...» [История Казахстана, 2005а: 64]. Бұл жерде Қырым ханының «брат» («аға») сөзін қолдануы, оның қазақ ханының да жоғары мәртебесін мойындап, оның басқа патшалар – билеушілермен терезесі тең болғанын көрсетіп отыр.

Орыс құжаттарында «царь» терминінен басқа қазақ билеушілеріне қатысты орыстың «государь» («билеуші») терминінің қолданылуы да кездеседі. Мысалы, 1521 жылдың жазында Қасым ханның қайтыс болғаны туралы хабарды алған Мәскеудің Ұлы князі Василий Иванович өзінің елшісі В.М. Третьяк-Губинге келесі тапсырма берген: «Да Казатцкую Орду ему пытати, кто ныне в казакех государь ...» [Памятники, 1895: 700]. Хақназар өлгеннен кейінгі Қазақ хандығының жағдайын 1581 жылы Мәскеуде хабарлай келе ноғай елшісі Бәйкеш Теміров «А государя на Казатцкой Орде нет, а есть дей у них царевичь, да еще не посажен» деген екен [История Казахстана, 2005а: 177].

Осы жерде Мәскеу мемлекетінің дипломатиялық қызметі құжаттамаларда қолданылатын атаулар мен терминологияны қатаң сақтағанын атап өту керек. Мәселен, 1558 жылы орыстың Ноғай Ордасындағы елшісі Елизар Мальцев ноғай Исмайыл мырзаға Мәскеу билеушісіне жазған хаттарында оған «государь» деп жазу керектігін жеткізген: «А Смаиля, государь, князя о грамотах есми уговорил и навел, как ему писати к тебе, государю. Писал есми, государь, то к тебе, государю, преж того. А ныне, государь, тебе все «государем» писал з Бекчюрою. Да и Байтерек о том ему добре ж говорил: Не соромся дей, князь Смаил, пиши «государем». Немцы дей посилнее тебя... да все дей у них государь города поимал...» [История Казахстана, 2005а: 120, 471, 474].

Орыс билеушілері Шыңғыс ұрпақтарының жоғары мәртебесін мойындады. Сондықтан Тәуекел ханның немере інісі, қазақ сұлтаны Ораз-Мұхаммед орыс патшасы сарайында тұтқында болса да, оның орыс дворяндарынан лауазымы (шартты болса да) жоғары саналды. Ол орыс

билеушісінің ресми қабылдауларында патшаның жанында отыратын. Мысалы, 1590 жылы Мәскеу патшасының Сефевид (Қызылбаш) елшілерін қабылдауы туралы сипаттама сақталған, онда былай делінген: «А государь царь и великий князь в те поры сидел в средней в подписной в золотой палате в царском платье и в диодиме, и в царской шапке. А при государе были в полате по правой стороне в лавке, от государева места с сажень, сидел царевич Арасланалей Кайбулин; а в другой лавке по левой стороне от государя сидел Казацкие Орды царевичь Урозмагмет; а от них сидели бояре и дворяне большие по местам, все в золотом платье» [История Казахстана, 2005а: 190]. Содан 5 жылдан кейін Мәскеу патшасы Федор Иванович мұны қазақ ханы Тәуекелге жазған хатында былай деп түсіндірді: «А брат ваш Урусмагмет царевич у нас в нашем царском в великом жалованье пожалован по его достоинству многими вотчинами, и поместьи, и деньгами, как и иных великих государей дети цари и царевичи у нас, великих государей, бывают пожалованы» [История Казахстана, 2005а: 202].

Қазақ билеушілеріне қатысты парсы тіліндегі жазбаша дереккөздерде «падишах» (қазақ тілінде патша (x), پادشاه) термині қолданылады, ол орыс тіліне «падишах, монарх, король, царь, государь», деп аударылады [Рубинчик, 1985: 259] Мысалы, Қазі Ахмад әл-Ғаффаридің парсы тіліндегі «Нусах-и джеханара» шығармасында [СМИЗО, 1941: 215, 274], Сефевид тарихнамасының «Алам-ара-и Шах Исмаил» атты авторы белгісіз еңбекте [Атыгаев, Джандосова, 2013: 73-84] және басқа да бірқатар шығармаларда Қасым хан «Дешті Қыпшақ падишахы» деп аталған.

Осы «падишах» (көптік түрі – падшахан) термині парсы тілді ортада мұсылман мемлекеттерінің барлық билеушілеріне қатысты қолданылады. Мысалы, Мырза Мұхаммед Хайдар Дуғлат «Тарих-и Рашиди» шығармасында Үндістандағы «Моғол империясының» негізін салушы Захир ад-Дин Бабырды «Бабыр падишах» деп атайды [Мухаммед Хайдар Дулати, 1999: 191, 202, 203]. Иран кітапханаларының қолжазба қорларында әртүрлі билеушілердің өміріне, соның ішінде Иран патшаларына, арналған «Хуласат ат-таварихи падшахан-и ажам», «Тарих падшахан-и Сефавие», «Тарих-и падишахи Тахмасб» және т.б. шығармалар сақталған [Стори, 1972: 894, 901]

Сонымен қатар, Сефевид мемлекеті шахы II Аббастың Жәңгір ханның ұлы қазақ билеушісі Тәуекел ханға жазған хатында қазақ ханына және Сефевид билеушісінің өзіне қатысты бірдей тіркес қолданған: «Сұлтан билігінің, ұлылықтың, құдіреттің иесі...» [Атыгаев, Джандосова, 2018: 656-663]. «Сұлтан билігінің иесі» деген тіркес көршілері – Осман империясының билеушілері түрік сұлтандарының дәстүрінің әсері болуы мүмкін.

Қазақ хандығының атақты билеушісі Тәуекел ханның 1695 жылы Түркістанда Ресей елшілері Ф.Скибин мен М.Трошиннің қабылдауында айтқан сөздері назар аударарлық. Орыс елшілерінің айтуынша, Қазақ ханы оларға: «Турской де салтан или кизылбашской шах чем его, Тевки хана, выше? Таковы ж, что и он», деген екен [История Казахстана, 2005а: 413]. Бұл сөздер қазақ ханының өзін осы кезеңдегі екі үлкен шығыс империясының – Осман мен Сефевид (Қызылбаш) билеушілері тәрізді тәуелсіз және қуатты мемлекет билеушісі ретінде сезінгенін көрсетеді.

Сонымен, тарихи дереккөздерде Қазақ хандығына байланысты әртүрлі терминдер келтірілгенін атап өту керек. Бұл дереккөздерде қолданылған терминологияны зерттеу Қазақ хандығының XV-XVIII ғасырдың басында егеменді мемлекет болғанын және оны басқа мемлекеттер халықаралық-құқықтық тұрғыдан мойындағанын көрсетеді. Көрші мемлекеттер билеушілерінің қазақ хандарын дербес мемлекеттің билеушілері ретінде қарастырғаны және олардың жоғары мәртебесін мойындағаны тарихи деректерде анық байқалады.

ӘДЕБИЕТ

Акты, собранные в библиотеках и архивах Российской империи археографической экспедицией императорской Академии наук. Т. 1. 1294–1598. Гл. ред. А. Ширинский-Шихматов. СПб., 1836. 546 с.

Атыгаев Н.А., Джандосова З.А. Новый источник по истории Казахстана XVI века: предварительные результаты изучения «Алам-ара-йи шах Исмаил» // Отан тарихы-Отечественная история. 2013. №2. С. 73–84.

Атыгаев Н.А., Джандосова З.А. Письмо Сефевида Аббас-шаха II к казахскому хану Тауке // Золотоордынское обозрение. 2018. Т. 6. № 3. С. 656–663.

Атыгаев Н.А. Трансформация семантики термина и этнонима казах (قازاق/qazaq/ казах) в Восточном Дешт-и Кыпчаке // Ural-Altaic Studies Scientific Journal № 3 (42) 2021. Ural-Altaic Studies Scientific Journal № 3 (42) 2021. С. 7-18. DOI: 10.37892 / 2500-2902-2021-42-3-7-18.

Березин И. Библиотека восточных историков. Сборник летописей. Татарский текст с русским предисловием. Т. II. Ч. I. Казань, 1854.

Бартольд В.В. Сочинения. Т. V. Москва: Восточная литература. Наука, 1968. 757 с.

Владимирцов Б.Я. Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. Ленинград, 1934. 224 с.

Восточная дипломатия на стыке цивилизаций (конец XIV- 70 годы XIX вв.). Сборник документов и материалов. Астана: Ғылым», 2015. 400 с.

Зуборева Г.Ф. Наименования московских царей XVI-XVII вв. (титულярйи и неофициальные названия) // Вестник Московского государственного областного университета. Сер.: Русская филология. 2010. № 2. С. 79-83.

Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды в XIII-XIV вв. Москва, 1985. 247 с.

История Казахстана в русских источниках. Том I. Посольские материалы Русского государства (XVI-XVII вв.). Составление, транскрипция скорописи, специальное редактирование текстов, вступительная статья, комментарии, составление словников указателей А. Исина. Алматы: Дайк-Пресс, 2005а. 704 с. + 16 с. вкл.

История Казахстана в русских источниках. Том 2. Русские летописи и официальные материалы XVI – первой трети XVIII в. о народах Казахстана / Сост., транскрипция, комментарии, вступительная статья И.В. Ерофеевой. Алматы: Дайк-Пресс, 2005б. 448 с. + 8 с. вкл.

Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей: от древности к Новому времени. СПб., 2009. 3-е изд., исправл. и доп. 432 с.

Краткий энциклопедический словарь исторических топонимов Казахстана / Сост. И.В. Ерофеева. Алматы, 2014. 528 с.

Кычанов Е.И. О татаро-монгольском улусе XII в. // Дальний Восток и соседние территории в средние века. Новосибирск, 1980. С. 136-148.

Меховский М. Трактат о двух Сарматиях. Введ., пер. и комм. С. А. Аннинского. М.-Л., 1936. 288 с.

МИКХ, 1969 – Материалы по истории Казахских ханств XV–XVIII вв. (извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. Алма-Ата, 1969. 652 с.

Московские цари и византийские василевсы: К вопросу о влиянии Византии на образование идеи царской власти московских государей / Савва В. Харьков: Тип. и лит. М. Зильберберг и с-вья, 1901. 409 с.

Мукминова Р.Г. К истории аграрных отношений в Узбекистане в XVI в. По материалам «Вақф-наме». Ташкент, 1966. 354 с.

Мухаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди (Рашидова история). Перевод с персидского языка А. Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой, 2-е издание дополненное. Алматы: «Санат», 1999. 656 с.

Описи царского архива XVI в. и архива Посольского приказа 1614 года. Ред. С. О. Шмидт. Москва, 1960. 194 с.

Османская империя https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9E%D1%81%D0%BC%D0%B0%D0%BD%D1%81%D0%BA%D0%B0%D1%8F_%D0%B8%D0%BC%D0%BF%D0%B5%D1%80%D0%B8%D1%8F#:~:text=%D0%9E%D1%81%D0%BC%D0%B0%CC%81%D0%-%

BD%D1%81%D0%BA%D0%B0%D1%8F%20%D0%B8%D0%BC%D0%BF%D0%B5%D1%80%D0%B8%D1%8F%20(%D0%BE%D1%81%D0%BC%D0%B0%D0%BD.,%D0%BD%D0%B0%20%D1%81%D0%B5%D0%B2%D0%B5%D1%80%D0%BE%2D%D0%B7%D0%B0%D0%BF%D0%B0%D0%B4%D0%B5%20%D0%9C%D0%B0%D0%BB%D0%BE%D0%B9%20%D0%90%D0%B7%D0%B8%D0%B8.

Памятники дипломатических сношений Московского государства с Крымом, нагаями и Турцией. Т. II. 1508–1521 гг. / Сборник императорского Русского исторического общества. Т. 95. СПб., 1895. 706 с.

Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI веков (вопросы политической и социально-экономической истории). Алма-Ата, 1977. - 288 с.

Продолжение древней российской вивлиофики. Ч. VII. СПб., 1791. 353 с.

Реформатский А.А. Введение в языковедение: Учебник для вузов. Под ред. В. А. Виноградова. 5-е изд., испр. Москва: Аспект Пресс, 2004. 536 с.

Рубинчик Ю.А. Персидско-русский словарь: в 2-х томах (М., 1985). Т. 1. Тегеран, 1385. 800 с.

Словари – <http://slovari.299.ru/word.php?id=35106&sl=oj>

СМИЗО, 1941 – Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузеном и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. Москва-Ленинград: Издательство Академии наук СССР, 1941. 308 с.

Стори Ч.А. Персидская литература. Библиографический обзор. Пер. с англ., перераб. и доп. Ю. Э. Брегель. Ч. II. Москва: Наука, Гл. ред. восточной литературы, 1972. 1315 с.

Султанов Т.И. О первом казахском государстве (к 525-летию Казахского ханства) // Кунсткамера. Этнографические тетради. СПб., 1995. Вып. 8–9. С. 31–38.

Тарих-и шах Тахмасб-бахадур-хан (рукопись, Турецкая Республика, Библиотека Сулеймания, фонд Хекимоглы Али Паша, №00699, 350 л.)

Туран на старинных картах: Образ пространства – Пространство образов. Москва: ИПЦ «Дизайн. Информация. Картография», 2008. 480 с.: илл. карт.

Тынышпаев М. История казахского народа. Составители и авторы предисловия проф. Такенов А.С. и Байгалиев Б. Алма-Ата, 1993. 224 с.

Ускенбай К. К проблеме аутентичного наименования Казахского ханства (на примере Михман-наме-йи Бухара Фазлаллаха Ибн Рузбихана Исфакхани) // «История Казахстана: итоги научных исследований и презентация проекта десятилетней «Отан тарихы» / «История Отечества». Материалы Международной научно-практической конференции, г. Алматы, 19 апреля 2012 г. Ответ. редактор д.и.н., проф. Х.М. Абжанов. Алматы: Елтаным, 2012. С. 183–187.

Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани. Михман-наме-йи Бухара (Записки Бухарского гостя). Перевод, предисловие и примечания Р.П. Джалиловой. Под редакцией А.К. Арендса. Москва: «Наука», 1976, 186+338 с.

Хафиз Таныш ибн Мир Мухаммад Бухари. «Шараф-наме-йи шахи» (Книга шахской славы) / Пер. с перс., введ., прим. и указатели М.С. Салахетдиновой. Ч. 1. Москва, 1983. 298 с.

Худяков М.Г. Очерки по истории Казанского ханства. Издание 3-е, дополненное. Москва, 1991. 320 с.

Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675 -1821 годов. Сборник исторических документов в 2-х томах. Т.1. Письма казахских правителей. 1675—1780 гг. Алматы, 2014. 696 с.

Юдин В.П. Центральная Азия в XIV–XVIII веках глазами востоковеда. Алматы, 2001. 384 с.

REFERENCES

Akty, sobrannye v bibliotekah i arhivah Rossijskoj imperii arheograficheskoy ekspedicii imperatorskoj Akademii nauk. Vol. 1. 1294–1598. Gl. red. A. Shirinskij-Shihmatov. SPb., 1836. 546 p. (In Russian)

Atygayev N.A., Dzhandosova Z.A. Novyj istochnik po istorii Kazahstana XVI veka: predvaritel'nye rezul'taty izucheniya «Alam-ara-ji shah Ismail» // Otan tarihy-Otechestvennaya istoriya. 2013. №2, pp. 73–84. (In Russian)

Atygayev N.A., Dzhandosova Z.A. Pis'mo Sefevida Abbas-shaha II k kazahskomu hanu Tauke // Zolotoordynskoe obozrenie. 2018. Vol. 6. № 3, pp. 656–663. (In Russian)

Atygayev N.A. Transformaciya semantiki termina i etnonima қазак (قازاق/qazaq/kazah) v Vostochnom Desht-i Kypchake // Ural-Altai Studies Scientific Journal № 3 (42) 2021. Ural-Altai Studies Scientific Journal № 3 (42) 2021, pp. 7-18. DOI: 10.37892 / 2500-2902-2021-42-3-7-18. (In Russian)

Berezin I. Biblioteka vostochnyh istorikov. Sbornik letopisej. Tatarskij tekst s russkim predisloviem. Vol. II. P. I. Kazan', 1854.

Bartol'd V.V. Sochineniya. Vol. V. Moskva: Vostochnaya literatura. Nauka, 1968. 757 p. (In Russian)

Vladimircov B.Ya. Obshchestvennyj stroj mongolov. Mongol'skij kochevoj feodalizm. Leningrad, 1934. 224 p. (In Russian)

Vostochnaya diplomatiya na styke civilizacij (konec XIV- 70 gody XIX vv.). Sbornik dokumentov i materialov. Astana: Fylym», 2015. 400 p. (In Russian)

Zuboreva G.F. Naimenovaniya moskovskih carej XVI-XVII vv. (titulyarij i neoficial'nye nazvaniya) // Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo oblastnogo universiteta. Ser.: Russkaya filologiya. 2010. № 2, pp. 79-83. (In Russian)

Egorov V.L. Istoricheskaya geografiya Zolotoi Ordy v XIII-XIV vv. Moskva, 1985. 247 p. (In Russian)

Istoriya Kazahstana v russkih istochnikah. Vol. I. Posol'skie materialy Russkogo gosudarstva (XVI-XVII vv.). Sostavlenie, transkripciya skoropisi, special'noe redaktirovanie tekstov, vstupitel'naya stat'ya, kommentarii, sostavlenie slovnikov ukazatelej A. Isina. Almaty: Dajk-Press, 2005a. 704 p. + 16 p. vkl. (In Russian)

Istoriya Kazahstana v russkih istochnikah. Vol. 2. Russkie letopisi i oficial'nye materialy XVI – pervoj treti XVIII v. o narodah Kazahstana / Sost., transkripciya, kommentarii, vstupitel'naya stat'ya I.V. Erofeevoj. Almaty: Dajk-Press, 2005b. 448 p. + 8 p. vkl. (In Russian)

Klyashpornyj S.G., Sultanov T.I. Gosudarstva i narody Evrazijskikh stepej: ot drevnosti k Novomu vremeni. SPb., 2009. 3-e izd., ispravl. i dop. 432 p. (In Russian)

Kratkij enciklopedicheskij slovar' istoricheskikh toponimov Kazahstana / Sost. I.V. Erofeeva. Almaty, 2014. 528 p.

Kychanov E.I. O tataro-mongol'skom uluse XII v. // Dal'nij Vostok i sosednie territorii v srednie veka. Novosibirsk, 1980, pp. 136-148. (In Russian)

Mekhovskij M. Traktat o dvuh Sarmatijah. Vved., per. i komm. S.A. Anninskogo. M.-L., 1936. 288 p. (In Russian)

MIKH, 1969 – Materialy po istorii Kazahskih hanstv XV–XVIII vv. (izvlecheniya iz persidskikh i tyurkskikh sochinenij). Sostaviteli: S.K. Ibragimov, N.N. Mingulov, K.A. Pishchulina, V.P. Yudin. Alma-Ata, 1969. 652 p. (In Russian)

Moskovskie cari i vizantijskie vasilevsy: K voprosu o vliyanii Vizantii na obrazovanie idei carskoj vlasti moskovskih gosudarej / Savva V. Har'kov: Tip. i lit. M. Zil'berberg i s-v'ya, 1901. 409 p. (In Russian)

Mukminova R.G. K istorii agrarnyh otnoshenij v Uzbekistane v XVI v. Po materialam «Vakf-name». Tashkent, 1966. 354 p. (In Russian)

Muhammed Hajdar Dulati. Tarih-i Rashidi (Rashidova istoriya). Perevod s persidskogo yazyka A. Urunbaeva, R.P. Dzhalilovoj, L.M. Epifanovoj, 2-e izdanie dopolnennoe. Almaty: «Sanat», 1999. 656 p. (In Russian)

Opisi carskogo arhiva XVI v. i arhiva Posol'skogo prikaza 1614 goda. Red. S.O. Shmidt. Moskva, 1960. 194 p. (In Russian)

Osmanskaya imperiya // [https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9E%D1%81%D0%BC%D0%B0%D0%BD%D1%81%D0%BA%D0%B0%D1%8F_%D0%B8%D0%BC%D0%BF%D0%B5%D1%80%D0%B8%D1%8F#:~:text=%D0%9E%D1%81%D0%BC%D0%B0%CC%81%D0%BD%D1%81%D0%BA%D0%B0%D1%8F%20%D0%B8%D0%BC%D0%BF%D0%B5%D1%80%D0%B8%D1%8F%20\(%D0%BE%D1%81%D0%BC%D0%B0%D0%BD.,%D0%BD%D0%B0%20%D1%81%D0%B5%D0%B2%D0%B5%D1%80%D0%BE%2D%D0%B7%D0%B0%D0%BF%D0%B0%D0%B4%D0%B5%20%D0%9C%D0%B0%D0%BB%D0%BE%D0%B9%20%D0%90%D0%B7%D0%B8%D0%B8](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9E%D1%81%D0%BC%D0%B0%D0%BD%D1%81%D0%BA%D0%B0%D1%8F_%D0%B8%D0%BC%D0%BF%D0%B5%D1%80%D0%B8%D1%8F#:~:text=%D0%9E%D1%81%D0%BC%D0%B0%CC%81%D0%BD%D1%81%D0%BA%D0%B0%D1%8F%20%D0%B8%D0%BC%D0%BF%D0%B5%D1%80%D0%B8%D1%8F%20(%D0%BE%D1%81%D0%BC%D0%B0%D0%BD.,%D0%BD%D0%B0%20%D1%81%D0%B5%D0%B2%D0%B5%D1%80%D0%BE%2D%D0%B7%D0%B0%D0%BF%D0%B0%D0%B4%D0%B5%20%D0%9C%D0%B0%D0%BB%D0%BE%D0%B9%20%D0%90%D0%B7%D0%B8%D0%B8)

Pamyatniki diplomaticheskikh snoshenij Moskovskogo gosudarstva s Krymom, nagayami i Turciej. T.II. 1508–1521 gg. / Sbornik imperatorskogo Russkogo istoricheskogo obshchestva. T. 95. SPb., 1895.

706 p. (In Russian)

Pishchulina K.A. Yugo-Vostochnyj Kazahstan v seredine XIV – nachale XVI vekov (voprosy politicheskoy i social'no-ekonomicheskoy istorii). Alma-Ata, 1977. 288 p. (In Russian)

Prodolzhenie drevnej rossijskoj vivliofiki. P. VII. SPb., 1791. 353 p. (In Russian)

Reformatskij A.A. Vvedenie v yazykovedenie: Uchebnik dlya vuzov. Pod red. V. A. Vinogradova. 5-e izd., ispr. Moskva: Aspekt Press, 2004. 536 p. (In Russian)

Rubinchik Yu.A. Persidsko-russkij slovar': v 2-h tomah (M., 1985). Vol. 1. Tehran, 1385. 800 p.

Slovari – <http://slovari.299.ru/word.php?id=35106&sl=oj>

SMIZO, 1941 – Sbornik materialov, otnosyashchihysya k istorii Zolotoj Ordy. Izvlecheniya iz persidskih sochinenij, sobrannye V.G. Tizengauzenom i obrabotannye A.A. Romaskevichem i S.L. Volinym. Vol. II. Moskva-Leningrad: Izdatel'stvo Akademii nauk SSSR, 1941. 308 p.

Stori Ch.A. Persidskaya literatura. Biobibliograficheskij obzor. Per. s angl., pererab. i dop. Yu. E. Bregel'. Ch. II. Moskva: Nauka, Gl. red. vostochnoj literatury, 1972. 1315 p. (In Russian)

Sultanov T.I. O pervom kazahskom gosudarstve (k 525-letiyu Kazahskogo hanstva) // Kunstkamera. Etnograficheskie tetradi. SPb., 1995. Iss. 8–9, pp. 31–38. (In Russian)

Turan na starinnyh kartah: Obraz prostranstva – Prostranstvo obrazov. Moskva: IPC «Dizajn. Informaciya. Kartografiya», 2008. 480 p.: ill. kart. (In Russian)

Tynysypaev M. Istoriya kazahskogo naroda. Sostaviteli i avtory predisloviya prof. Takenov A.S. i Bajgaliev B. Alma-Ata, 1993. 224 p. (In Russian)

Uskenbaj K. K probleme autentichnogo naimenovaniya Kazahskogo hanstva (na primere Mihman-name-ji Buhara Fazlallaha Ibn Ruzbihana Isfahani) // «Istoriya Kazahstana: itogi nauchnyh issledovanij i prezentaciya proekta desyatitomnoj «Otan tarihy» / «Istoriya Otechestva». Materialy Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii, g. Almaty, 19 aprelya 2012 g. Otvet. redaktor d.i.n., prof. H.M. Abzhanov. Almaty: Eltanym, 2012, pp. 183–187. (In Russian)

Fazlallah ibn Ruzbihan Isfahani. Mihman-name-ji Buhara (Zapiski Buharskogo gostya). Perevod, predislovie i primechaniya R.P. Dzhililovoi. Pod redakciej A.K. Arends. Moskva: «Nauka», 1976, 186+338 p. (In Russian)

Hafiz Tanysh ibn Mir Muhammad Buhari. «Sharaf-name-ji shahi» (Kniga shahskoj slavy) / Per. s pers., vved., prim. i ukazateli M.S. Salahetdinovoj. Ch. 1. Moskva, 1983. 298 p. (In Russian)

Hudyakov M.G. Ocherki po istorii Kazanskogo hanstva. Izdanie 3-e, dopolnennoe. Moskva, 1991. 320 p. (In Russian)

Epistolyarnoe nasledie kazahskoj pravyashchej elity 1675 -1821 godov. Sbornik istoricheskikh dokumentov v 2-h tomah. T.1. Pis'ma kazahskih pravitelej. 1675—1780 gg. Almaty, 2014. 696 p. (In Russian)

Yudin V.P. Central'naya Aziya v XIV–XVIII vekah glazami vostokoveda. Almaty, 2001. 384 p. (In Russian)

Автор туралы мәлімет: Атығаев Нұрлан Әділбекұлы – тарих ғылымдарының кандидаты, ҚР Мемлекеттік орталық музейінің музейлік деректану және қолжазба бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері, <https://orcid.org/0000-0002-2696-1008> (050051, Алматы қ-сы, Самал-1, 44, Қазақстан). E-mail: nuratygaev@mail.ru.

Сведения об авторе: Атығаев Нурлан Адилбекович – кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник отдела музейного источниковедения и рукописей Центрального государственного музея РК, <https://orcid.org/0000-0002-2696-1008> 9X (050051, г. Алматы, Самал-1/44, Казахстан). E-mail: nuratygaev@mail.ru.

Information about the author: Nurlan A. Atygayev – Candidate of Historical Sciences, Principal Researcher in the Department of Museum Source Studies and Manuscripts of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-2696-1008> (050051, Samal-1/44, Almaty, Kazakhstan). E-mail: nuratygaev@mail.ru.